



ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІ ӘСКЕРИ ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

ҚР Қорғаныс министрі, авиация генерал-лейтенанты Дәурен Қосанов Қызылорда облысына арнайы жұмыс сапарымен келді. Қорғаныс министрі облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет күтіп алып, аймақтағы әскери бөлімдер және мекемелердегі техникалардың жай-күйі, қызметшілердің жағдайы, жауынгерлік әзірлігі, жеке құрамның қызмет барысымен танысты.

Қызылорда қаласында орналасқан №99215 әскери бөлімі аумақтық қорғаныс бригадасындағы жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылған инфрақұрылымды дамыту жұмыстарын көріп, алдағы жоспарларды тыңдады. Сонымен қатар, №66597 әскери бөлімінде борышын өтеп жүрген сарбаздармен кездесті. Қазармалар мен санитарлық аймақтардың жай-күйіне, тамақ сапасы мен сарбаздардың қызмет өткеру барысындағы әскери тәртібі мен тұрмыстық жағдайына назар аударды.

Қорғаныс министрі облыстық қорғаныс істері жөніндегі департамент базасында құқық қорғау және әскери құрылым басшыларымен кездесті. Департамент бастығының есебін тыңдап, «Қарулы Күштер ардагерлері» РҚБ облыстық филиалының төрағасы М.Ршауов, «Ауған соғысының ардагерлері мен мүгедектерінің кеңесі» ҚБ төрағасы Ж.Оспановпен жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру бағытында пікір алмасты.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі



ДОСТЫҚ ҮЙІНІҢ ЖАҢА ҒИМАРАТЫ АШЫЛДЫ

Қызылорда қаласында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойы аясында салынған «Достық үйінің» жаңа ғимаратының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Аймақ басшысы жаңа ғимарат ел игілігіне қызмет ететінін айтып, құттықтау сөзін жеткізді.

«Бірлік – халқымыздың тұтастығы мен ырыс-ынтымағының, үйлесімді қарым-қатынасының, татулығының көрінісі. Ел болудың бірден-бір алғышарты. Өңірімізде 30-дан астам этнос өкілдері тату-тәтті өмір сүреді. Ассамблея жанында 11 этномәдени бірлестік бір мүдде, бір мақсат жолында ұйысып, елдің бірлігін сақтау бағытында жұмыс жасауда. Береке-бірлігіміздің ұйытқысына айналып, еліміздегі этносаралық достық пен бірліктің үлгісін әлемге танытқан Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына өткен жылы 30 жыл толды. Бүгінде Ассамблея халқымызды бірлікке, достыққа үндейтін жалпыұлттық келісімнің негізіне айналды. Президентіміздің тапсырмасына сәйкес, өткен жылы 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні Өздеріңізбен бірге осы жерде жаңа ғимараттың іргетасын қалаған болатынбыз. Міне бүгін, тарихи сәтте қайта қауышып, «ҚазАтомӨнеркәсіп»

ұлттық атом компаниясының демеушілігімен 3 млрд. 800 млн. теңгеге салынған «Достық үйінің» заманауи ғимаратын ел игілігіне табыстаудамыз. Жаңа нысанның бой көтеруіне демеушілік жасағаны үшін «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Жақыпов Нұрлан Қаршығаұлына, ұлттық атом компаниясының басқарма төрағасы Юсупов Мейіржан Бакытұлына барша Сыр жұртшылығы, Өзімнің атымнан шынайы алғысымды, зор ризашылығымды білдіремін! Жалпыұлттық тұрақтылық пен қоғамдық келісімнің қайнар бұлағы – Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы аясында бой көтерген, достық пен келісімнің нышанына айналатын жаңа ғимарат баршаңызға құтты болсын!», – деді Н.Нәлібаев.

Қала сәулетіне сән қосқан жаңа ғимараттағы 200 орындық концерттік, 50 орындық акт залдарында мәдени-рухани шаралар ұйымдастыруға болады. Шығармашыл жастарға арналған домбыра, ән, би үйірмелеріне, медиация орталығы, музей, Ассамблея жанындағы ғылыми сарапшылық топтарға да жағдай жасалған. «Достық үйі» азаматтық қоғам институттарының басын қосатын, жаңа бастамаларды ілгерілететін орталыққа айналады.



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2026 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.



САПА ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, Қазыбек Иса «Шнелі-Тайқоныр» автомобиль жолын күрделі жөндеу жұмыстарымен танысты.

Аталған жол учаскесі «Kazatomprom» ұлттық атом компаниясының еншілес мекемесі «KAP Logistics» серіктестігінің қолдауымен жөндеуден өткізілді. Жобаның басты мақсаты – аудан орталығы мен өндірістік нысандар арасындағы көлік қатынасын жақсарту, ауыл тұрғындарының қауіпсіз әрі қолайлы көлік қозғалысына жағдай жасау, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беру.

Күрделі жөндеуге 2 млрд 555 млн теңге бөлінген. Мердігер мекеме «PK Story Group» серіктестігі қолға алған жолдың ұзындығы 13 шақырым, ені 7

метр. Жөндеу кезінде жол жамылғысы толық жаңартылып, белгілер мен инфрақұрылым қауіпсіздік талаптарына сай орнатылуда. Аймақ басшысы жауапты сала басшыларына сапаны қатаң бақылауда ұстап, жұмысты белгіленген мерзімде әрі талапқа сай аяқтауды тапсырды. 2022-2025 жылдары 1600 шақырым автомобиль жолдары мен 30 көпір өткелін салуға, күрделі жөндеуге 150 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінді. Былтыр жол инфрақұрылымын дамытуға бюджеттен 50 млрд. 605 млн. теңге қаралып, 329 шақырым автомобиль жолдары, көшелер мен көпір өткелдері жөндеуден өтті.

БАСПАНА - БАҚЫТ МЕКЕНІ

Жаңақорған кентінде әлеуметтік жағынан осал топтарға арнап салынған 80 пәтерлік 40 тұрғын үйдің кітін табысталды. Аймақ басшысы тұрғындарды қоныстойыммен құттықтап, осы жыл да өңір үшін жаңа бастамалар мен жарқын жоспарлар жүзеге асатын, береке мен бірлікті бекемдейтін кезең болатынын атап өтті.

«Президентіміздің, Үкіметтің қолдауымен барлық салада серпінді жобалар қолға алынды. Аймағымызда қалыптасқан қолайлы инвестициялық климат ірі инвестициялық жобаларға жол ашты. Жаңақорған ауданында 2023-2024 жылдары 174 пәтерлік 87 тұрғын үй жерлестерімізге берілді, 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебі» шәкірттерін қабылдады. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында өңірде бой көтерген 10 мектептің екеуі Жаңақорған ауданына тиесілі. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында Жаманбай батыр, Қырғенсе ауылдық округтерінде дәрігерлік амбулатория, Төменарық ауылында амбулаториясы бар 15 орындық аурухана, аудандық көпбейінді аурухана жанынан қосымша ғимарат салынды. Қараша айында автоматты газ тарату станциясын салтанатты түрде іске қосқан болатынбыз. Қазір станцияның қуаттылығы 2 есеге дейін ұлғайтылды. Өткен жылы 40 көше, оның ішінде аудан орталығының негізгі Хорасан ата көшесі күрделі жөндеуден өтті. Жақында ғана Екпінді ауылында 100 орындық клуб ашылды. Бүгін, міне жаңақорғандықтарды баспаналы болу қуанышымен құттықтау үшін жиналдық, аудан орталығынан 1 млрд. 500 млн. теңгеге салынған 80 пәтерлік 40 тұрғын үйді иелеріне табыстаймыз! Мемлекет қолдауымен жақсылыққа кенелген баршаңызға қоныс құтты болсын!», – деді Н.Нәлібаев.

Рәсімде Жаңақорған ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар мен тұрғын үйді сапалы етіп салған мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Руслан Рүстемов пен Мұрат Әбенев құттықтау сөз сөйлеп, жылы лебіздерін жеткізді.

Еске салайық, 2022-2024 жылдары тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар 5 мыңнан астам жаңа пәтерге қоныстанды. Кейінгі үш жылда, атап айтқанда 2023 жылы 430, 2024 жылы 1015, 2025 жылы 332, жалпы саны 1777 пәтер алғаш рет барлық аудандағы жерлестерімізге табыс етілді.

ЖАҢА МЕКТЕП – ЖАҢА МҮМКІНДІК

Арал ауданының Мергенсай ауылдық округіне қарасты Жалаңаш ауылында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, зиялы қауым өкілдері, ардагерлер мен ауыл тұрғындарының қатысуымен 150 орындық мектептің ашылу рәсімі өтті.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты шәкірттердің жарқын болашағына қызмет ететін жаңа мектептің ашылуымен құттықтады.

«Өздеріңізге белгілі, «Түркістан» газетіне Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлының «Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты» тақырыбында кең көлемді сұхбаты жарияланды. Сұхбатта Мемлекет басшысы «Қазақстан жаңғыру жолында қарышты қадам басып, барынша өркеніетті ел бола бастады. Қоғамда өскелең ұрпақтың



жарқын болашағы үшін түбегейлі өзгеріс жасау аса маңызды екені туралы нақты түсінік қалыптасты», - деп атап өтті.

Биыл ел тағдырына тікелей әсер ететін, Әділетті әрі Қуатты Қазақстанды дамытудың ұзақ жылдарға арналған бағыт-бағдарын айқындайтын жыл болатынын жеткізді. Біздің ең бірінші міндетіміз - балаларымыздың жан-жақты, сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыру. Бәсекеге қабілетті,

заманның жаңа шақыртуларына дайын, озық ойлы ұрпақ тәрбиелеу - мемлекет алдындағы стратегиялық маңызды мәселе.

Аймағымыздың білім беру саласына 2022-2025 жылдары 1 трлн. 159 млрд. теңге бөлінді.

2022 жылдан бері 42 заманауи білім беру нысаны салынып, пайдалануға берілді. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы жобасы аясында 10 жаңа мектеп салынып, ел игілігіне табысталды.

2023 жылдан бері 9 мектеп жанынан қосымша ғимарат бой көтеріп, үш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты. Баршаңызды жаңа мектептің ашылуымен құттықтаймын! Бұл - жай ғана ғимараттардың салынуы емес, жаңа дәуірде білім алатын озат оқушыларға жаңа мүмкіндіктер сыйлау», - деді Н.Нәлібаев.

Жұлдыз Сүлейменова еліміздің білім саласындағы жобаларға тоқталып, Сыр


өңіріндегі серпінді жұмыстарды атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасымен «Келешек мектептері» жобасы жүзеге асуда. Ұлттық жоба аясында 217 мектеп салынды, сол мектептердің 84-і ауылдарда бой көтерді. Бүгін, міне Арал ауданының ең шалғай ауылында жаңа мектеп ашылды. «Келешек мектептерінің» стандартымен, халықаралық талаптарға сай салынған білім ордасы ауылға жеткенінің куәсі болды. Мемлекет басшысының ұстаздарға деген қамқорлығы ерекше, соның арқасында мұғалімдердің қоғамдағы мәртебесі арта түсті. Бүгінде ұстаз мамандығы еліміздегі ең тартымды мамандықтардың біріне айналды», - деді Оқу-ағарту министрі.

Өткен жыл аралдық ағайындар үшін ерекше берекелі жыл болды. Маңызды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға, әлеуметтік нысандар салуға бюджеттен 38 млрд. 740 млн. теңге қаржы бөлінді. Бүгін жаңа білім ұясы ашылған Жалаңаш ауылы аудан орталығынан 60 шақырым қашықта орналасқан, мұнда 686 адам тұрады.

Арал ауданы

ИНКЛЮЗИВТІ СПОРТ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ



Қызылордада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрайымы Ләззат Шыңғысбаева мен қызылордалық спорт орталығының ашылу рәсімі өтті.

Рәсімде аймақ басшысы салауатты өмір салтын ұстанудың маңызын атап өтіп, жиналған қауымды жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы "Түркістан" газетінде жарық көрген «Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты» атты сұхбатында: «Қазақстан жаңғыру жолында қарышты қадам басып, барынша өркеніетті ел бола бастады. Қоғамда өскелең ұрпақтың жарқын болашағы үшін түбегейлі өзгеріс жасау аса маңызды екені туралы нақты түсінік қалыптасты», - деп атап өтті. Сыр өңірінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен, жерлестеріміздің бекем бірлігінің арқасында байыпты бастамаларға қолға алынып, жасампаз жобалар іске асырылуда. Міне, бүгін Өздеріңізбен бірге «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен салынған ерекше қажеттілігі бар жандарға арналған Инклюзивті спорт орталығын ел игілігіне табыстаймыз. Жобаны іске асыруға 2 млрд. 900 млн. теңге бөлінді. Мұнда спортшыларымызға арналған волейбол, күрес, жалпы дене дайындығын жасауға арналған залдар қарастырылған. Бір

мететте 131 адамның спортпен жүйелі шұғылдануына мүмкіндік жасалған. Аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына, тұрғындарымыздың әл-ауқатын арттыруға қосқан елеулі үлесі үшін Ләззат Алтынбекқызы басқаратын «Қазақстан халқына» қоры ұжымына Сыр жұртшылығының атынан шынайы ризашылығымызды, зор алғысымызды білдіреміз», - деді Н.Нәлібаев.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен тығыз әріптестік байланыс орнатылғанын арқасында өңірімізде бірлескен жобалар жүзеге асып келеді. Қор 12 млрд. 851 млн. теңге қаржыны маңызды әлеуметтік бастамаларға қолдау көрсетуге бағытталды. Білім беру саласына, ауыл мектептерінің материалдық базасын нығайтуға 5 млрд. теңгеден астам қаржы қаралды. Денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау салаларында 5 млрд. теңгенің жобалары іске асырылуда.

Спорт инфрақұрылымын дамытуға бөлінген 2 млрд. 728 млн. теңгеге бытыр Шиелі, Жалағаш аудандарында жаңа спорт кешендері салынып, пайдалануға берілді. Сырлария, Қармақшы аудандарындағы спорт нысандары жаңа құрал-жабдықтармен қамтамасыз

етілді. Тағы 6 спорт кешенінің базасын нығайту жоспарланған. Тұрғындардың бұқаралық, кәсіби спортпен айналысуына барлық мүмкіндік қарастырылған. Өңірде кәсіпкерлер демеушілігімен, ұлттық компаниялар және спорт федерацияларының қолдауымен жүзеге асқан маңызды жобалар бар.

2022 жылдан бері 23 спорт нысаны, атап айтқанда Орталық стадион, Теннис, Инклюзивті спорт орталықтары, 20 спорт кешені салынды. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында елді мекендерде тағы 4 спорт кешені ел игілігіне табысталады. Аймақта алғаш рет ерлер мен әйелдерге арналған «Қызылорда бокс клубы» жұмысын бастады. Қазақстан футбол федерациясының қолдауымен Қызылорда қаласындағы Ғани Мұратбаев атындағы стадионның қосалқы алаңы мен Жалағаш ауданының орталық стадионын күрделі жөндеуден өтіп, ел игілігіне берілді. Жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 1 млрд. 600 млн. теңгеге 80 спорт ойын алаңы салынды. Облыс орталығындағы ірі жобалардың бірі - аумағы 25 мың шаршы метрлік «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешені. Бұл нысанда олимпиадалық стандарттарға сәйес 50 метрлік бассейні, Азия, Әлем чемпионаттарын өткізуге арналған 2 500 орындық зал, олимпиадалық спорт түрлеріне арналған жаттығу залдары болады.

КӨЛІК САЛЫҒЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Мемлекеттік кірістер комитеті 2026 жылдан бастап қолданысқа енген Салық кодексындағы көлік салығына қатысты өзгерістерді атап өтті.

Комитет мәліметіне сәйкес, жеңіл автокөліктер бойынша көлік салығын есептеу кезінде пайдалану мерзімі 10 жылдан 20 жылға дейін болған жағдайда 0,7 түзету коэффициенті, ал 20 жылдан асқан жағдайда 0,5 коэффициенті қолданылады. Көлік салығы жылдың қорытындысы бойынша төленетінін ескере отырып, төмендетілген коэффициенттерді қолдана отырып есептелген салық сомасы 2026 жыл үшін 2027 жылы есептелетін болады.

«Сонымен қатар, қозғалтқыш көлемі 3000 текше сантиметрден асатын, 2013 жылғы 31 желтоқсаннан кейін Қазақстан Республикасында өндірілген (дайындалған немесе құрастырылған) немесе 2013 жылғы 31 желтоқсаннан кейін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген жеңіл автокөліктер үшін салық мөлшерлемелері алынып тасталды. Шаруа немесе фермер қожалықтары басқа

да жеңілдіктерге қосымша ретінде бір шаруа немесе фермер қожалығына бір дана жүк платформасы және жүк бөлігінен қатты стационарлық қалқамен бөлінген жүргізуші кабинасы бар жеңіл моторлы көлік құралы (пикап автомобиль) бойынша көлік салығын төлеуден босатылады», - делінген хабарламада.

Көлік құралдарының түріне (пикаптар, джиптер, лимузиндер, фургондар) байланысты көлік құралдарының санаттарына жатқызу жөніндегі норма алып тасталды, сондай-ақ көлік құралдарының санаты көлік құралын тіркеу туралы куәлікте көрсетілген көлік құралын басқару құқығының санатына (А, В, С, D) сәйкес айқындалатын болды.

«Салықтық есептілік нысандарының санын қысқарту мақсатында көлік құралдары салығы бойынша ағымдағы төлемдер есебін (салықтық есептілікті) ұсыну міндеті алып тасталды. 2026 жылдан бастап салық төлеуші тек жылдық декларацияны ғана тапсыратын болады және тиісінше салықты жыл қорытындысы бойынша бір рет төлейді», - деп қосты комитет өкілдері.

БАСПАНА КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ

Қызылордада «Сыр жастары» өңірлік бағдарламасымен баспаналы болған 100 жас отбасыға пәтер кілттерін табыстау рәсімі өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрайымы Ләззат Шыңғысбаева, құқық қорғау органдары мен жауапты салалалардың басшылары, зиялы қауым өкілдері, қала тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы жаңа пәтер иелерін қоныс тойымен құттықтап, өңірлік бағдарламаның тиімділігін атап өтті.

«Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Еңбек жолын енді бастаған жастардың бірден пәтер сатып алуы оңай емес. Сондықтан жастардың баспана алуына жан-жақты жағдай жасау – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі», - деген болатын. Бүгінде облысымыздағы жастар саны 250 мыңға жуық, яғни аймақ халқының 30%-ы. Өткен жылы жастар саясатын дамыту мен

қолдауға жергілікті бюджеттен 2 млрд. 105 млн. теңге бағытталды. «Сыр жастары» жеңілдетілген ипотекалық несие беру бағдарламасына 1 млрд. 200 млн. теңге, «Отбасы банк» тарапынан 500 млн. теңге, жобаларды қолдау мен жүзеге асыру үшін 310 млн. теңгеден астам қаржы бөлінді. «Сыр жастары» өңірлік тұрғын үй бағдарламасы 2023 жылы қабылданды. 2024 жылы 100 жас отбасы баспаналы болды. Жастарды мемлекеттік қолдаудың айқын дәлелі ретінде бүгін 100 пәтерлік 2 тұрғын

үй білім, медицина, мәдениет, спорт, қаржы, әлеуметтік салаларда қызмет ететін жас отбасыларға табысталуда. Жаңа баспаналарыңыздың іргетасы берік, әр шаңырақтың іші татулық пен берекеге толы болғай!», - деді Н.Нәлібаев.

Облыс әкімі және қонақтар өңірлік бағдарламамен пәтер алған жас маманның жаңа пәтеріне кіріп, ізгі тілектерін білдірді. Облыста тұрғындарды баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік-әлеуметтік саясат нәтижелі іске асуда.

2022-2024 жылдары тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 5 мыңнан астам пәтер табысталды. Соңғы 3 жылда алғаш рет барлық ауданда 1800-ге жуық жаңа пәтер жерлестерімізге берілді. Ерекше атап өту қажет, қалада заманауи жаңа дизайнмен жеті, тоғыз және он екі қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Саналы ғұмырын ұстаздыққа арнап, шәкірттерінің бойына тәрбие-білімді сіңіре білген мұғалімдердің мерейі қашанда биік. Бүгінде осы жауапкершілік жүгі зор салада абыройлы еңбек етіп, өңірдің дамуына сүбелі үлес қосқан Үміт Қосекеева мерейлі 75 жасқа толып отыр.

Ардагер ұстаздың мерейтойына орай салтанатты кешімен өтіп, қала әкімінің орынбасары Ділмұхамед Абызов ҚР Білім беру ісінің үздігі Үміт Қажығалиқызына Қызылорда қаласының ең жоғары марапаты – "Құрмет грамотасын" табыстап, сый-құрмет көрсетті.

– Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – аса жауапты әрі күрделі міндет болса, Сіз жүрек қалауымен саналы ғұмырыңызды бала бағбаны болуға арнадыңыз. Қасиетті мамандықтың туын түсірмей, тұғырын тіктеп, тәлімін сіңіріп, тағылымын қаздырып, жыл сайын жыл осындай жас түлекті ұшырдыңыз, жаңа буынды бауырыңызға басып келдіңіз. Осы жарқын жолдағы еңбегіңіз ерекше және бәсекеге қабілетті білікті жастарды, мықты тұлға, елжанды азаматтарды қалыптастырған мәртебелі қызметіңіз үшін алғысым шексіз. Кемел келешекке кенен



азаматтарды қосып, абыройлы міндеттеріңізді адал атқара білген Өзіңізге мықты денсаулық, отбасыңызға бақ-береке тілеймін! – деді Ділмұхамед Мінүәрбекұлы. Салтанатты қабылдауда қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев, қалалық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Жұмабек Әлиев, облыстық білім саласы ардагерлері кеңесінің төрағасы Ғалым Бекенов және замандастары мен шәкірттері жүрекжарды лебіздерін жеткізді. Өз кезегінде мерейтой иесі қала басшылығына, әріптестеріне ризашылығын білдірді.

Үміт Қосекеева еңбек жолын

1973 жылы Қызылорда облысы, Қазалы ауданындағы №96 Бозкөл орта мектебінде физика пәнінің мұғалімі болып бастаған. Одан әрі Қызылорда қаласындағы №1 мектеп-гимназиясында физика пәнінің мұғалімі, мектеп директорының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, Қызылорда қалалық білім бөліміндегі әдістемелік кабинет меңгерушісі, бас маманы, №15 қалалық гимназияның директоры қызметтерін абыроймен атқарды. Қызмет жасап жүрген уақытта 33 «Алтын белгі», 75 «Үздік аттестат», 174 мемлекеттік грант иелерін шығарды.



КӨП ТІЛЕГІ ОРЫНДАЛҒАН КҮН

Шиелі кентінің «Шұғыла» мәлтек ауданында әлеуметтік осал топтағы отбасыларға арнап салынған 30 пәтерлік 15 тұрғын үйді иелеріне табыстау рәсімі өтті.

Аймақ басшысы тұрғындарды қоныс-тоймен құттықтап, құрылыс саласындағы, әсіресе тұрғын үй құрылысын дамытудағы ауқымды жұмыстарды атап өтті.

«Мемлекет басшымыздың, Үкіметтің қолдауымен аймағымыз қарқынды құрылыс алаңына айналды. 2022 жылдан бері 200-ге жуық әлеуметтік нысан салынып, іске қосылды. Президентіміз тұрғындардың жайлы

тұрмысын қамтамасыз етуге бағытталған тапсырмалар жүктегені белгілі. Оның ішінде халықты баспанамен қамту бағдарламалары тұрғын үйге қолжетімділік мәселесін шешіп қана қоймай, құрылыс индустриясын да дамытып, аймағымыздың ажарын айшықтады, сәулетіне сән қосты. Өткен жылдың желтоқсан айында 22 пәтерлік 11 тұрғын үйдің кілтін иелеріне табыстаған болатынбыз. Бүгін жерлестеріміздің баспаналы болу қуанышына тағы да жиналып, Шиелі кентінде 450 млн. теңгеге салынған 30 пәтерлік 15 тұрғын үй халық игілігіне берілуде. Бұл – мемлекетіміздің қолдауын сезінген отбасылар үшін ерекше

қуаныш! Жаңа қоныс құтты болсын!», – деді Н.Нәлібаев.

Айта кетейік, 2022-2024 жылдары тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 5 мыңнан астам пәтер табысталды. Кейінгі үш жылда алғаш рет барлық ауданда тұрғындар 1800-ге жуық жаңа пәтерге ие болды. Қызылордада заманауи жаңа дизайнмен жеті, тоғыз, он екі көпқабатты тұрғын үйлер бой көтеруде. Шиелі ауданында 2023-2024 жылдары 3 млрд. 96 млн. теңге қаржыға салынған 228 пәтерлік 114 тұрғын үй ел игілігіне берілді.

Шиелі ауданы

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

Жалағаш ауданының әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен мәжіліс өтті. Күн тәртібінде су бұру жүйелерін дамыту, суды үнемдейтін және цифрлық технологияларды енгізу мәселелері қаралды.

2025 жылы су ресурстарын тиімді пайдалану және егін өнімділігін арттыру бағытында инженерлік жүйедегі 13 000 гектар жерге лазерлік жер тегістеу жұмыстары жүргізілді. Тәжірибе көрсеткендей, бұл әдіс күріш егісінде суды үнемдеуге мүмкіндік беріп, өнім сапасына оң әсерін тигізді.

Сонымен қатар, 20 гектар алқапқа тамшылатып суару технологиясы енгізіліп, картоп, көкөніс және бақша дақылдары орналастырылды. Бұл шаралар агроөнеркәсіп саласындағы тиімділікті арттырып, шаруалардың су ресурстарын үнемді пайдалануға деген ынтасын күшейтті.

"Егін шаруашылығын әртарап-тандыру, озық технологияларды енгізу және су үнемдеу бағытындағы жұмыстарды одан әрі күшейту – негізгі міндетіміз. Осыған байланысты көктемгі егін егу науқанына дайындықты қазірден бастап пысықтап, сала басшылары мен ауылдық округ

әкімдері нақты шаралар қабылдауы қажет", – деді А.Ибраимов.

Ауданда суды үнемдеу және цифрлық технологияларды енгізу аясында күріш алқаптарын оңтайландыру жұмыстары жалғасуда. 2026 жылы 14 000 гектар жерге лазерлік тегістеу жұмыстарын жүргізу, ал 25 гектар алқапқа тамшылатып суару әдісімен картоп, көкөніс және бақша дақылдарын орналастыру жоспарлануда.

Сонымен қатар, «АА Агро Қызылорда» ЖШС Қаракеткен ауылдық округі аумағынан жер ашып, биылғы жылы суды аз қажет ететін 7 000 гектар алқапқа жаңбырлатып суару әдісімен жүгері дақылын егуді көзеп отыр.

Мәжіліс қорытындысымен аудан әкімі күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша жауапты сала басшыларына, кент және ауылдық округ әкімдеріне нақты тапсырмалар жүктелді.

Жалағаш ауданы

ДАУ МЕДИАЦИЯ ТӘРТІБІМЕН АЯҚТАЛДЫ

Байқоңыр қалалық сотында талап қоюшы «Ю» ЖШС.-нің жауапкер А.-дан 80540 теңге берешекті өндіру туралы талап қоюы бойынша азаматтық іс қаралды. Тараптар дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімге келгендерін көрсетіп, араларындағы келісімді бекітуді сұрады.

Келісімнің шарттарына сәйкес, жауапкер талап қоюшының пайдасына 2026 жылғы 25 мамырға дейін ай сайын 16 108 теңгеден төлеуге міндеттенген. Сот ұйғарымымен тараптар арасындағы медиациялық келісім бекітіліп, іс жүргізу тоқтатылды.

Байқоңыр қалалық соты

СЕМИНАР-КЕҢЕС ӨТКІЗІЛДІ

Арал аудандық сотында «Мұрагерлік құқықтарды қорғауға байланысты істерді қараудағы өзекті мәселелер» тақырыбында семинар-кеңес өткізілді. Шараға аудандық соттың төрағасы Р.Алдамбергенов, судьялар мен нотариустар қатысты.

Сот төрағасы Р.Алдамбергенов шараны ашып, соттарда қаралатын мұрагерлік құқықтарды қорғауға байланысты азаматтық істердің едәуір бөлігі мұраны қабылдау үшін мерзімін қалпына келтіру туралы істерден тұратындығын айтып, азаматтық заңнамадағы мұра қабылдау тәсілдері, мұраны қабылдау мерзімі, мұраны қабылдау үшін белгіленген мерзімнің аяқталуына қарай мұраны қабылдау, мұраға құқық туралы куәлік беру талаптарына тоқталып, заңнаманы қолдануда ескерілуі тиіс мәселелерге назар аудартты.

Бұдан соң шараға қатысушылар мұрагерлік құқыққа байланысты туындайтын өзекті мәселелерге қатысты сындарлы пікір алмасып, құқық қолдануда туындауы мүмкін деген өзге де мәселелерді талқылады.

Арал аудандық соты



8 ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АЗАМАТ ЗАРДАП ШЕККЕН

Сыртқы істер министрлігі Таиландта қатер апатынан зардап шеккен қазақстандық туристердің жағдайын баяндады.

Таиландта қатер апатынан зардап шеккен Қазақстан азаматы 13 қантар күні ауруханадан шығарылды. Тағы екі қазақстандық азамат ем қабылдап жатыр. Олардың жағдайы тұрақты.

Қайғылы оқиға Пхукет аралының маңында болған. Серуенге арналған қатер балық аулау кемесімен соқтығысқан. Қатер бортында үш экипаж мүшесі мен 52 турист, оның ішінде Өзбекстан, Қырғызстан және Ресей азаматтары болған. Төтенше қызмет өкілдері 23 туристі ауруханаға жеткізген. 18 жастағы Ресей азаматы ауруханада көз жұмды. Қазір Таиланд билігі тергеу жұмыстарын бастады..

"Қатер бортында сегіз Қазақстан азаматы болған. Зардап шеккендерге медициналық көмек көрсетілді. Үш қазақстандық азамат ауруханаға жатқызылды. Олардың біреуі ауруханадан шығарылды. Екі азамат ем қабылдап жатыр, жағдайлары тұрақты, оңалып келеді. Барлық медициналық шығынды сақтандыру компаниясы өтеп жатыр. Елшілік азаматтармен тұрақты байланыста болып, қажетті көмек көрсетіп жатыр", – делінген министрлік хабарламасында.

МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНЕРКӘСІБІ САЛАЛАРЫНДАҒЫ ҚАУІПТІ ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІЛЕРДЕ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Мұнай және газ өнеркәсібі – ел экономикасының стратегиялық маңызы бар салаларының бірі. Бұл объектілерде жарылыс, өрт, улы заттардың таралуы, техногендік апаттар орын алуы мүмкін. Мұндай жағдайлар адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға және өндірістік инфрақұрылымға айтарлықтай зиян келтіреді.

Өнеркәсіптік қауіпсіздіктің негізгі мақсаты – авариялардың алдын алу, тәуекелдерді азайту және олардың салдарын барынша төмендету. Бұл үшін ең алдымен нормативтік-құқықтық талаптарды қатаң сақтау қажет. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, қауіпті өндірістік объектілерде жұмыс істейтін кәсіпорындар өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын жүргізуге, объектілерді тіркеуге, техникалық құрылғылардың жарамдылығын тұрақты бақылауға және өндірістік бақылау жүйесін енгізуге міндетті.

Адам факторы да қауіпсіздік деңгейіне тікелей әсер етеді. Қызметкерлердің кәсіби даярлығы, біліктілігі және қауіпсіздік мәдениеті жоғары болуы тиіс. Осы мақсатта жұмысшыларды тұрақты оқыту, аттестаттау, авариялық жағдайларда әрекет ету бойынша жаттығулар өткізу қажет. Өрбір қызметкер қауіпсіздік талаптарын сақтаудың маңызын түсініп, жеке жауапкершілігін сезінуі тиіс.

Сонымен қатар, еңбек жағдайларын жақсарту және қызметкерлерді жеке қорғаныс құралдарымен толық қамтамасыз ету де маңызды. Арнайы киім, газтұмылдырықтар, өртке қарсы құралдар және бақылау аспаптары – өндірістегі қауіпсіздіктің ажырамас бөлігі.

Мемлекеттік бақылау органдары да өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Уәкілетті органдар тарапынан жүргізілетін тексерулер, тәуекелдерді бағалау және алдын алу шаралары кәсіпорындардың жауапкершілігін арттырады. Сонымен бірге, кәсіпорындар мен мемлекеттік органдар арасындағы ашық өзара іс-қимыл қауіпсіздік деңгейін көтеруге ықпал етеді.

Қорытындылай келе, мұнай және газ өнеркәсібіндегі қауіпті өндірістік объектілерде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету – үздіксіз және жүйелі жұмысты талап ететін күрделі процесс. Қауіпсіздік талаптарын сақтау, заманауи технологияларды қолдану, білікті кадрларды даярлау және тиімді бақылау жүйесін қалыптастыру арқылы ғана техногендік апаттардың алдын алып, адам өмірі мен қоршаған ортаны қорғауға болады. Өнеркәсіптік қауіпсіздік – тек заң талабы емес, ол тұрақты даму мен болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік.

Н.Ш. УРАЗАКОВ,
Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті Өнеркәсіптік қауіпсіздік басқармасының мұнай-газ, мұнай-химия өнеркәсібіндегі, магистральдық құбырларды және жару жұмыстарын мемлекеттік бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы



БАЛАЛАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІ ҚОЛДАНУҒА БОЛМАЙДЫ

Австралияда 550 мың парақша бұғатталды, елде қабылданған жаңа заңға сәйкес, 16 жасқа дейінгі балаларға әлеуметтік желіні қолдануға болмайды. Сондықтан да Meta компаниясы осы елдегі аккаунттарды жаба бастады. Компанияға Instagram, Facebook және Threads желілері тиесілі. Австралия үкіметі мен белсенділер бұл шара балаларды зиянды контент пен алгоритмнен қорғау үшін қажет деп мәлімдеді.

ОҚЫС ОҚИҒА ТІРКЕЛДІ

Таиландта оқыс оқиға тіркелді: Бангкоктан кетіп бара жатқан жолаушылар пойызына құрылыс краны құлап, салдарынан көптеген адам ажал құшқан.

Басылымның Таиланд бұқаралық ақпарат құралдарына сілтеме жасап хабарлауынша, Бангкоктан солтүстік-шығысқа қарай 230 шақырым жерде орналасқан Накхонратчасима провинциясының Сирио ауданында құрылыс краны жүріп келе жатқан пойызға құлады. Оның арты өртке ұласты. Полицияның мәліметінше, 22 адам қаза тауып, тағы 79 адам жаракат алды, ал сегіз жолаушы ауыр жаракат алды. Эвакуация жұмыстары жалғасуда.

100 МЫҢНАН АСТАМ ВИЗАНЫҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ

АҚШ Мемлекеттік департаменті Дональд Трамптың президенттігі кезінде АҚШ-та 100 000-нан астам визаның күші жойылғанын хабарлайды.

АҚШ Мемлекеттік департаментінің мәліметі бойынша, Трамп әкімшілігі бір жылдан аз уақыт ішінде 100 000-нан астам визаны қайтарып алды.

"Бұл ұрлық, шабуыл және мас күйде көлік жүргізу сияқты қылмысы үшін айыпталған немесе сотталған мыңдаған шетел азаматының визаларын қайтарып алуды қамтиды", - деді Мемлекеттік департаменттің баспасөз хатшысының орынбасары Томми Пиготт.

Басылымның мәліметінше, 2025 жылы күші жойылған визалар саны рекордтық көрсеткішке жетті және 2024 жылы президент Джо Байденнің тұсында күшін жойған визалар санынан екі есе көп.

КИНОТІМЕ АКЦИЯСЫ ӨТТІ



«Жас Ұлан» ұйымы жас өрендерге «Оян, қазақ!» фильмін ұсынды

Қармақшы ауданы, №185 орта мектебінде «Жас Ұлан» ұйымының жылдық жоспарына сәйкес қазақтың көрнекті ағартушысы, алаш қайраткері, ұлт жанашыры Міржақып Дулатұлының 140 жылдығына арналған тәрбиелік шара ұйымдастырылды. Іс-шара аясында 5–7-сынып оқушыларына «КиноТІМЕ» акциясы өткізіліп, тарихи-танымдық «Оян, қазақ!» фильмі көрсетілді.

Акцияның негізгі мақсаты – Міржақып Дулатұлының өмірі мен шығармашылығын жас буынға терең таныстыру, алаш арыстарының ел тәуелсіздігі жолындағы күресін насихаттау, оқушылардың ұлттық рухын көтеру және отансүйіштік қасиеттерін қалыптастыру.

Фильм көрсетілімі барысында оқушылар XX ғасыр басындағы ұлт тарихына үніліп, Міржақып Дулатұлының қазақ халқының бостандығы мен дербестігі жолында атқарған еңбегін тың көзқараспен таныды. «Оян, қазақ!» туындысындағы тарихи деректер, азаттық үшін күрескен тұлғалардың өмірлік ұстанымдары мен қайраткерлік жолы жас көрерменге терең ой салды.

Шара соңында оқушылар өз әсерлерімен бөлісіп, фильмде көтерілген ұлттық мүдде, еркіндік, бірлік сынды құндылықтардың маңызын атап өтті. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай танымдық көрсетілімдер жастардың азаматтық көзқарасын қалыптастыруға, тарихи сананы кеңейтуге үлкен ықпал етеді.

Мектебімізде өткен «КиноТІМЕ» акциясы – жас ұрпақты ел тарихын құрметтеуге, ұлы тұлғалардың мұрасын тануға бағытталған маңызы зор тәрбиелік іс-шаралардың бірі болды.

Меруерт БЕКБОЛСЫНҚЫЗЫ,
мектеп тәлімгері

*Сөйлейін сөздің нақтысын,
Елімнің игі жақсысын,
Сырдың бойы тамаша,
Көк қамысы жайқалып
Ақпұл катқан жер,
Жол жүргенде алдыңда
Небір әулие жатқан жер!*

*Өткір қан жар тесіп шығар қан арқапты,
Ақпан баба тарихта орын тапты.
Батырдың жүріп өткен жолы анық,
Ескілік әңгімелер мен өте нақты.
Ерліктерін батырдың паш етерлік
Шабытманын қозғайын тіл мен жақты.
Шықпай аты қалар еді, атамыздың
Отырсақ ұрпақтары ауыз бақты.*

*Заманында әулие болған әруақты
Елін қорғап жасауларына қарсы шатты,
Мыңнан тулпар шығатын бұндай адам
Алмас қылыш дер едім, алтын сапты.*

Нұрман Қожасұлы

Қазақтың сайын даласы, әр жерден бір көрінген бұйратты төбелер. Иә... бұл өңір қандай қилы кезеңнің куәсі болмады. Ата-бабамыз аяқ басқан жердің қай бөлігі болса да киелі. Кешегі өткен толқыннан мұра болып, ұлан-ғайыр дала қалды бізге. “Жері кеннің, елі кең” демекші ұлтымыздың мінез-құлқының кендігі де сондықтан. Сол себептен болар, жаратушы Аллаһ Тағала жерімізге әулие-данышпандарды, оқымысты-ғалымдарды, сал-серілер мен шабытты ақын-жырауларды молынан берген. Осы орайда, мен Сыр бойынан шыққан әулие-батырлар туралы айтып өтсем деп отырмын. Кіші жүз, Әлім Қаракесек руынан шыққан әйгілі батыр Ақпан Құланшыұлы.

Көнекөздердің айтуынша-Ақпан әулие шамамен 1704 жылы Қазалы маңында дүниеге келген. Асыл туған аруақты ер, жастайынан орақ ауызды, от көзді, өңменінен өткізетін шешен сөзді адам болған. Бет қаратпас өте сұсты болған деседі. Және батырдың бойындағы құдайдың берген қасиетті нышаны-ол түктілік пен беліне ораған сақалы еді. Жастайынан ат жалын тартып мінген батыр, ел тағдырына түскен қиыншылыққа ерте араласқан. Ақтабан шұбырындының кезінде, Түркістаннан батысқа қарай бет түзеген жоңғар шапқыншыларына қарсы (Қармақшы беттегі Қаракұмның, Жауқапты деген жерде) бет қаратпай аяусыз соққы беріп тойтарып, яғни тоқтатқан батырлардың бірі Ақпан батыр еді. Анырақай шайқасынан кейін, жау қапыда қайта баспасын деп кіші жүз жасақтарымен бірер жыл Қазығұрт тауында аялдаған. Сыр бойына қайтып оралған батыр, жайбарақат күйде отыра алмады. Сол алмағайып заманда Маңғыстау түбегінен хабар келеді, еліміздің шетін жау басты деген (Хорезм бектері). Содан Адай ағайындарға болысып,



АҚПАН БАТЫР ӘУЛИЕ

Түрікпендермен соғысып, жерімізді азат етеді. Қашаған жырау Күржіманұлының суреттеуінше, сол шайқаста жаудың қолы Ақпан батыр әскерінен 3 есе көп болғаны айтылады. Дұшпандарды ойсырата тысқыртып жеңіп, соғысты одан әрі жалғастырмақ болған Ақпан батырға, Түрікпеннің ханы қолқа салады.

Хан айтады: сендерде мақал бар “даудың артын қыз бітейді”-деген, мен қызымды берейін, соғысты тоқтатайық дейді. Ақпан батыр келісіп, қызын алып кері елге Сыр бойына қайтады. Сол Түрікпен қыздан Шотан мен Манда атты екі ұл туылады. Ақпан батырдың бес ұлы болады. Үшеуі бәйбішеден, екеуі түркпен қыздан.

Шотан ділмар шешен әрі батыр болған. Манда көкжал батыр атанған, күні бүгінге дейін сөз бар “Манда, қылышы қанда” деген. Ақпан Құланшыұлы алдын болжай білген сәуегейлігі бар абыз әулие адам болған. Оның бір дәлелі Ақпан батыр Ақайұлы туралы. Бір күндері Ақпан әулие айтады Ақайға, сенің отбасыңда дүниеге ұл келеді, ол батыр болады деген және есімін менің атыма ұқсастырып қой дейді. Ақбасасын беріп, ер тоқымындағы боз көпшігін берген. Әжесі Ақай, Ақпан батырдың он жетіге толған шағында Ақпан әулиеге ас беріп, аманат боз көпшікті табыстаған. Атадан балаға

мирас болған боз көпшікті алған соң, Ақпан әулиенің әруағы ақ бұлты Ақпан батырға қонған. Сол себепті күні бүгінге дейін Ақпан Ақпанның лебізінен деген сөз бар.

Сондай асыл туған ердің сынығы ғасырдан ғасыр жалғасып келеді. Ақпан әулиенің өзінің тікелей ұрпақтарынан батыр да, би де, ақын-жырауларда көптеп шыққан. Соның бірегейі Орынбетұлы Есжан би (XIX ғасыр) және Жұрынұлы Әйімбет жырау. Бұл ұрпақтарының өз алдына әр қилы тарихтары бар адамдар. Есжан би өз заманында жер мен жесір дауын шешкен ділмар шешен, әділ би болған. Ел ішінде:

“Ақпан батыр Есжан бидей шешен болсын,
Ерекше тусан туғыр екен болсын” деген аталы сөз жасөспірім балаларға жиі айтылады. Қазақтың қас батыры Ақпан батыр, әулие шамамен 1771 жылдары дүниеден өтіп, Қармақшыда Қорқыт ата қорымына жерленген.

Жауға қарсы қол бастаған, Абыздығымен жол бастаған батырдың абзал есімі бүкіл Қаракесек руына Ұран болған. Біздерге және кейінгі ұрпақтар үшін ел алдында бабамыздың ерен ерліктері еленбей қалмайды деп ойлаймын. Тарих тағылымында өз батырлығының ақиқаты бар, әулиелігінің насихаты бар Ақпан батыр Құланшыұлының елі үшін еңбегі зор. Қаны Қазақ деп бүлкілдеген, жүрегі ұлтты деп үлгілдеген өз халқын сыртқы жаулардан қорғап, талай жанкештілік ерік көрсеткен, ұлты мен ұрпағы үшін бейбіт заманды көксеген батыр бабамыздың есімін ардақтай білу- ұрпаққа міндет, игілікті уәзіпа.

2012 жылы Ақпан батыр зираты жөндеуден өткізіліп, басы қарайтылып қайта тұрғызылды. 2025 жылы қызыл кірпіштен қайта өңделіп жасалынды. (Реставрация). 2025 жылы 17- мамырда Қармақшы маңында, Ақпан төбе деген жерде Республикалық деңгейде Ақпан батырға ас берілді. Алдымен батырдың рухына Құран бағышталып, және батыр туралы баяндама жасалып, еске алудың түрлі шаралары өткізілді. Театр актерлары қойылым көрсетіп, артында күй мен термеге ұласты.

“Ақпан баба асы
Ұрпақтары үшін
Ауызбіршіліктің басы
Ынтымағы бар жерде
Өрмелейді тасы
Бір кісідей жұмылған
Қариясы да жасы”, демекші, батырдың ұрпақтарына үлкен алғыс.

Еліміздің әр облысынан келген қонақтармен және де көрші мемлекет Қарақалпақ елінен келген адамдармен қауқылдасып бас қосқан, қызықты әңгімелер болды. Жаратушы ием егеменді елімізге есендік берсін, жұртымызға жайбарақат бақытты күн кешуді нәсіп етсін!

**Нұрман НАУАНОВ,
ақын, сазгер.**



**Құрметті бауырым
Шаттыққұл!**

**70-жас мерейлі мерекеңіз құтты
болсын!**

Тілеймін бақытты өмір

ашық аспан,

Жалғанда тілек барма одан асқан.

Аман боп жанұяң мен

бауырларың,

Жалғасын ақ таңдарың

нұрын шапқан!

Қуат алып денсаулықтың нәрінен,

жүзіп өтіп,

Жүзге аяқ басыңыз!

**Тілек білдіруші
бауырларың
Аймағанбетовтар
әулетті**

2026 ЖЫЛЫ МӘМС БОЙЫНША ТӨЛЕМДЕР ӨЗГЕРЕ МЕ?

2026 жылға арналған ең төменгі жалақы мөлшері бұрынғы деңгейде бекітілгендіктен, негізгі санаттар бойынша МӘМС-ке төленетін жарналардың мөлшері сақталады. Алайда заңға енгізілген түзетулерге байланысты өзгерістер бар. Бұл туралы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында түсіндірді.

Жарна өсімі – тек мемлекеттік төлемдерге қатысты

2025 жылғы шілде айында Мемлекет басшысы МӘМС және медициналық қызметтер көрсету сұрақтары бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңға қол қойды. Оның бір бөлігі денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған – мемлекет, жұмыс берушілер және азаматтардың ортақ ынымақтастық жауапкершілігін арттыру арқылы.

Осы мақсатта әлеуметтік осал санаттағы халық үшін (олардың саны 11 миллионнан асады) мемлекет төлейтін жарналарды кезең-кезеңімен арттыру көзделген: 2027 жылы – 2,2%-дан бастап, 2037 жылға қарай – 4,7%-ға дейін. Қазіргі уақытта мемлекет жарналарының мөлшерлемесі есептеу объектісінің 2%-ын құрайды және бұл мөлшерлеме 2026 жылы да сақталады.

Айта кетерлігі, бұл өзгеріс жеңілдік санатындағы азаматтардың өздеріне еш әсер етпейді. Олар бұрынғыдай автоматты түрде сақтандырылған болып қала береді, себебі жарналарды мемлекет төлейді.

**Жоғарғы шектің өзгеруі
нені білдіреді?**

Денсаулық сақтау жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қызметкерлердің жарналары мен жұмыс берушілердің аударымдарын есептеу үшін қолданылатын табыстың жоғарғы шегін арттыру енгізілді. Ал пайыздық мөлшерлемелер өзгеріссіз қалады. Қазір аударымдардың ең жоғары



мөлшері 25 500 теңгені құрайды (10 ең төменгі жалақы мөлшеріндегі шекті табыстың 3%). 2025 жылы жарнаның ең жоғары мөлшері – 17 000 теңге (10 ЕТЖ-ның 2%-ы). Енді жұмыс берушілер жарналарды 40 ЕТЖ-дан аспайтын табыстан, ал қызметкерлер 20 ЕТЖ-ға дейінгі табыстан төлейтін болады (бастапқыда екі төлем бойынша да шекті 50 АЕК-ке дейін арттыру ұсынылған, алайда заң жобасын талқылау барысында олар төмендетілді).

Демек, бұған дейін айлық табысы 850 мың теңгеден асатын қызметкерлер (1–2 млн теңге және одан жоғары табыс алатындар) 17 000 теңгеден артық жарна төлемейтін. Себебі есептеу базасына шектеу қолданылатын. Бұл белгіленген мөлшерлемеге пропорционалды түрде аз болып, айлығы 850 мың теңгеден төмен және жалақысының дәл 2%-ын төлейтін қызметкерлерге қатысты әділетсіз еді. Өзгерістерден кейін қызметкердің ең жоғары жарнасы – 34 000 теңге (1,7 млн теңгенің, яғни 20 ЕТЖ-ның 2%-ы), жұмыс берушінің ең жоғары аударымы – 102 000 теңге (3,4 млн теңгенің, яғни 40 ЕТЖ-ның 3%-ы) болады.

Айта кету керек, бұл өзгеріс ай сайынғы табысы 850 мың теңгеден асатын жалдамалы қызметкерлердің небәрі 9%-ына ғана әсер етеді.

Ал айлығы 3,4 млн теңгеден асатын қызметкерлер саны – бар болғаны 20 мың адам (0,3%). Қалған 91% жұмыс істейтін азаматтар үшін ештеңе өзгермейді.

**Қалған төлеушілер үшін жарна
мөлшерлемелері**

Бірыңғай төлем төлеушілер

Бірыңғай төлемді жеке кәсіпкерлер мен заңды

тұлғалар өз қызметкерлері үшін төлейді. Ол жеке табыс салығын, жұмыс беруші мен қызметкердің міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды, сондай-ақ МӘМС бойынша жарналар мен аударымдарды қамтиды. 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап бірыңғай төлем мөлшері есептелген табыстың 24,8%-ын құрайды.

Жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалықтарының иелері және жеке практикамен айналысатын тұлғалар

Бұл санаттар МӘМС-ке 1,4 ЕТЖ-ның 5%-ы мөлшерінде жарна төлейді. 2026 жылы ең төменгі жалақы мөлшері өзгермегендіктен, МӘМС жарнасы да бұрынғыдай – айына 5 950 теңге болып қалады. Бұл табыс деңгейіне қарамастан төленетін тұрақты жарна. Айта кету керек, егер жеке кәсіпкер бір мезгілде басқа ұйымның жалдамалы қызметкері болып, ол үшін МӘМС төлемдері аударылып тұрса да, жеке кәсіпкер ретінде өзі үшін жарна төлеуден босатылмайды. Тек қызметін ресми түрде тоқтатқан немесе әрекетсіз деп танылған жеке кәсіпкерлер ғана жарна төлеуді тоқтатады.

Дербес төлеушілер

Дербес төлеушілер санатына тұрақты жұмыс жоқ және жеңілдік санаттарына кірмейтін азаматтар жатады.

2026 жылы олар үшін МӘМС бойынша ай сайынғы жарна мөлшері 1 ЕТЖ-ның 5%-ын құрайды, яғни 4 250 теңге.

Сақтандырылған мәртебесін алу үшін олардың өткен немесе алдағы 12 ай қатарынан төлемдері болуы тиіс. Жарналарды әр айға жеке-жеке төлеу қажет.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының баспасөз қызметі

Ресми сайт – <https://msqory.kz/ru/>
YouTube-канал – https://www.youtube.com/@msqory_kz
Telegram-канал – <https://t.me/medsaqtandyru>
Facebook – <https://www.facebook.com/msqory/>
Instagram – https://www.instagram.com/msqory_kz/



ЕМХАНАДА МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛМЕГЕН ЖАҒДАЙДА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Егер қызмет көрсететін емханада қажетті бейінді дәрігердің кеңесін ала алмаса, қандай да бір диагностикалық қызметті өткізуге арналған жабдық болмаса, сондай-ақ мамандар мен жабдық болса да жазылу мүмкін болмаған жағдайда, пациент басқа клиникаға, оның ішінде жеке клиникаға да жолдама сұрауға құқылы. Ең бастысы бұл клиника Қордың жеткізушілер базасында болуы тиіс.

Бұл ретте пациенттің тіркелген емханасы мен аталған клиника арасында қосалқы орындау шартының бар-жоғы маңызды емес, өйткені жолдама жасалған кезде ол ақпараттық жүйеде автоматты түрде жасалады.

Жалпы, пациенттің медициналық көрсеткіштері бола тұра жолдама беруден немесе медициналық көмек көрсетуден бас тартылса, ол Пациенттерді қолдау және ішкі сараптама қызметіне жүгінуге құқылы. Мұндай қызметтер әрбір медициналық ұйымда құрылған және мәселелерді «осы жерде және қазір» қағидаты бойынша шешеді.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

**Директор-Редактор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы**

**Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов**

**Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61**

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында есепке алу туралы номері KZ 53VPY00123138 күйілігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті КР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

**Редакцияның
мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 8536 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №7
E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
[https:// ret-gazeta.kz/](https://ret-gazeta.kz/)**